


Латын Америкасы



- **Латын Америкасы** — Солтүстік Американың оңтүстік бөлігі (Рио-Браво-дель-Норте өзенінің оңтүстігінен бастап бүкіл Орталық Америка мен Вест-Үндістан аралдарын қамтиды) мен бүкіл оңтүстік Америка аумағындағы елдердің жалпы атауы. Жалпы аумағы 22,8 млн. км². Халқы 479 млн. адам. 15 – 16-ғасырларда қазіргі Латын Америкасы аумағында өмір сүріп жатқан жергілікті тайпаларды (Колумб үндістер деп атаған) Испания және Португалия жаулап алып, отар елдерге айналдырды. 1810 – 26 ж. тәуелсіздік жолындағы соғыстар нәтижесінде Америкадағы барлық отарлар Испаниядан бөлініп шықты.

- Қазір Латын Америкасында 33 мемлекет және Франция, Нидерланд, АҚШ-тың бірнеше тәуелді аумақтары орналасқан. Олар: Антигуа және Барбуда, Аргентина, Багам аралдары, Барбадос, Белиз, Боливия, Бразилия, Венесуэла, Гаити, Гайана, Гватемала, Гондурас, Гренада, Доминика, Доминикан Республикасы, Колумбия, Коста-Рика, Куба, Мексика, Никарагуа, Панама, Парагвай, Перу, Сальвадор, Сент-Китс және Невис, Сент-Люсия, Сент-Винсент және Гренадина, Суринам, Тринидад және Тобаго, Уругвай, Чили, Эквадор, Ямайка. Ұлттық құрамы өте күрделі этникалық және тарихи процестерден өткен (еуропалықтардың ұрпақтары, үндістер, метистер, негрлер, мулаттар, т.б.).



Аргентина



Боливия



Венесуэла



Гвиан



Гайана



Колумбия



Парагвай



Бразилия



Чили



Уругвай



Эквадор



Суринам




Перу



Материк халқының қалыптасуы

- Материкке адамдар алғаш рет бұдан 15-17 мың жыл бұрын Панама мойнағы арқылы Солтүстік Америкадан қоныс аударған.
- Сондай-ақ адамдар Африка мен мұхит аралдарынан да келді деген болжам бар.
- Оңтүстік Американың байырғы халқы болып есептелетін үндістер материктің қазіргі халқының 10 пайызын ғана құрайды.
- Материкте 320 млн халық тұрады.

Материк халқының қалыптасуы



Елдері

ЕЛДЕР

```
graph TD; A([ЕЛДЕР]) --> B[Анд елдер:]; A --> C[Шығыс жазық елдері:];
```

Анд елдер:

- Колумбия
- Эквадор
- Перу
- Боливия
- Чили

Шығыс жазық елдері:

- Венесуэла
- Гайана
- Суринам
- Бразилия
- Парагвай
- Уругвай
- Аргентина
- Гвиана

Бразилия

- 1822 ж. Бразилия Португалиядан бөлінді. Осыдан кейін Латын Америкасында дербес мемлекеттер құрыла бастады.
- Бразилия жерінің ауданы мен халқы саны жөнінен дүние жүзіндегі ең ірі бес елдің қатарына кіреді.
- Мемлекеттік құрылымы 22 штаттан тұратын федерациялық республика.
- Бразилия жері Амазония ойпаты мен Бразилия таулы үстіртін алып жатыр.
- Елде темір, түсті металл, мұнай мен табиғи газдың, алмаз, уранның мол қоры бар.

- Табиғат қорларын алуан-түрлі, әрі мол болуы Бразилия шаруашылығын өркендетуге қолайлы жағдай жасайды.
- Бразилия материктегі ең жоғары дамыған ел!
- Шаруашылығының даму дәрежесі жөнінен дамушы елдер арасында бірінші орында.
- Елде тау-кен өндірісі, қара және түсті металлургия, машина жасау өнеркәсібі жақсы дамыған.
- Плантацияларда кофе, какао, қант қамысы, күріш, соя, банан, апельсин өсіріледі.